



ҚАЗАҚ

УНИВЕРСИТЕТІ

№ 02 (1343) 30-наурыз, 2006 жыл



Газет 1948
жылдың 20
сәуірінен шыға
бастады

● Құрмет

8 наурыз халықаралық әйелдер мейрамына орай, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Ханымдар ұйымы "Парасат" кәсіподағының қолдауымен Тамақтандыру комбинатында мерекелік кеш өткізді. Мерекелік бағдарлама алдында университет ректоры Төлеген Әбдісағиұлы қыз-келіншектерді төл мерекесімен құттықтап, еңбектеріне табыс, отбасыларына бақыт тіледі.



КӨКТЕМНІҢ ШУАҚТЫ МЕРЕКЕСІ



Студенттер клубының өнерпаздары

Университеттің оқу-әдістемелік бірлестік жөніндегі проректоры Гүлназ Кенжетайқызы Ахметованың жетекшілік етуімен ұйымдастырылған бұл кеште ерлер қауымы өнер көрсетіп, нәзік жандыларды қуанта білді. Гүлназ Кенжетайқызы жуырда ғана Астанада өткен Әйелдердің Еуразиялық форумында білім, ғылым саласы бойынша "Ажар" номинациясын иеленіп қайтқан

болатын. Ал бұл кеште 8 номинация бойынша университетіміздің танымал ұстаз-әйелдері марапатталды. Оқу ордамыздың ер азаматтары төрелік еткен "ҚазҰУ-дың іскер ханым", "ҚазҰУ-дың қаржы ханым" деген сияқты қайталанбас срекше номинациялардың тағайындалу барысы кімге болса да тосын жаңалық болғаны анық.

Университетіміздің ректоры бастап, проректорлары қостап, декандары жалғастырып дәл осы кеште өз өнерлерін ҚазҰУ ханымдарына арнады. Әсіресе, проректорлар Серікбол Тілеулесұлы мен Намазалы Омашұлы бірлесіп шырқаған әсем ән жиналған жұртшылықтың қошеметіне бөленді. Ал Студенттер клубының мүшелері болса, қазақтың атақты, қаһарман қыздарын сомдап, Тұмар ханымнан Әлия, Мәншүктерге дейін жалғасатын қазақ әйелінің бейнесін сахналанған көрініспен көрсетті. Аруларға арналып жайылған ақ дастархан басында әсем ән мен құйқылжыған күй тыңдалып, барша жанға ерекше мерекелік көңіл-күй сыйлады.

Сұлтан БЕЙСЕН

● Лебіз

ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ ҚҰТ ӘКЕЛГЕЙ!

Асыға күткен шырайлы көктеммен бірге Жыл басы Наурыз да табалдырығымыздан аттап үлгерді. Аңызға сенсек, бұл кезде күн мен түн ғана теңеліп қоймайды, сонымен қатар, жақсылық пен жамандық, ақ пен қара, күдік пен үміт те теңдік табады. Содан болса керек, алаштың арқа сүйер арыстары бұл төл мерекеміздің мәні мен маңызы туралы терең толғап, тебірене жазып кеткен.



Мыңдаған жылдық тарихы бар төл мерекеміздің қайта тойлана басталғанына көп бола қойған жоқ. Дегенмен, өз Наурыз әр қазақтың жүрегіне сенім мен үміттің отын үрлейтін мерейлі мереке ретінде қабылданады. Ата-бабамыз:

"Ұлыс оң болсын,
Ақ мол болсын.
Қайда барсаң да,
жол болсын!

"Ұлыс бақты болсын,
Торт түлік ақты болсын!" - деп бір-біріне тілек айтып, өткен-кеткен реніштерін кешіріп, мейрам болысқан. Ендеше, жаймашуақ көктемнің мерейлі мерекесі, жыл басы – Наурыз барша Қазақ еліне, сондай ақ ҚазҰУ атты үлкен шаңырақтың астында білім мен ғылымды сусындаған және біліктілік пен тәлім үйреткен жан-дарға да құт болып келсін!

Көкейде жүрген игі ниеттердің бәрі де қабыл болып, туған халқымыздың салт-дәстүрі, тілі мен ділі дами түсіп, кемел болашақтың кепілі болар игілікті істер көптеп атқарыла берсін дегіміз келеді.

Газет ұжымы

БҮГІНГІ САНДА:



ПАМЯТИ УЧЕНОГО

2 стр.


ӘДЕБИ
КЕШ
ӘСЕРЛІ
ӨТТІ



160
ЖЫЛ

2 бет

БАБА РУХЫНА ТАҒЗЫМ



3 бет



ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС

24 ақпан күні Ғылыми Кеңестің кенейтілген мәжілісінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ды мемлекеттік аттестаттаудан өткізу нәтижесі жөнінде Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының төрағасы, т.ғ.д., профессор Е.А. Әлпейісовтың баяндамасы, қысқы сынақ-сміхан сессиясының қорытындысы жөнінде Оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректоры Ж.Д. Дәдебаевтың ақпары айтылды. Сонымен қатар, ҚазҰУ-дың ғылыми және ғылыми-өндірістік қызметінің 2005 жылғы қорытындысы және университетте F3Ж даму болашағы жөнінде университеттің Ғылыми жұмыстар жөніндегі проректоры А.И. Купчишиннің баяндамасы тыңдалды.

Түрлі мәселелер бөлімінде ҚазҰУ-дың көркемөнерпаздар үйірмелеріне және мәдени іс-шараларына белсенді қатысып жүрген күндізгі бөлім студенттеріне шәкіртқа тағайындау жөнінде Тіл және тәрбие жұмысы жөніндегі проректор Н.О. Омашевтың ақпары, сонымен қатар докторанттардың есептерін бекіту туралы факультет декандарының хабарламалары айтылды. Біліктілікке байланысты мәселелерге қатысты Бас ғалым хатшы Л.В. Екшембеева хабарлама жасады.

РЕКТОРАТ

Ректораттың 14 наурызда болған кезекті мәжілісінде Университетте мемлекеттік тілді қолдану аясын кеңіту жолдары туралы Тілдерді дамыту бөлімі бастығы С.Қ. Суатайдың хабарламасы тыңдалды.

Сонымен қатар, 2005 жылғы азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар штабының жұмысы жөнінде АҚ және ТЖ штабы бөлімінің бастығы А.М. Олиниченконың хабарламасы айтылды.

Ж.Жабаев-160



Д аңқты ақын Ж.Жабаевтың 160 жылдығына орай жуырда Жамбыл атындағы филормония залында әдеби-музыкалық кеш өтті. Іс-шараның өтуіне Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан Жазушылар Одағы және Филормония ұжымы мұрындық болды. Кешті ф.ғ.д., профессор, Жамбыл атындағы халықаралық сыйлықтың лауреаты, университетіміздің профессоры Сұлтанали Садырбаев кіріспе сөзбен ашты.

ӘДЕБИ КЕШ ӘСЕРЛІ ӨТТІ

Одан кейін Жамбыл Жабаевтың өмірі мен шығармашылығы жайында Әдебиет теориясы және фольклористика кафедрасының менгерушісі, ф.ғ.д., профессор Бақытжан Қауасқанұлы Майтанов мырза баяндама жасады. Ал университетіміздің ректоры, ф.м.ғ.д., профессор Төлеген Әбдісағиұлы Қожамқұлов мырза Жамбыл ақынның қазақ жүрегінен алар орны, сондай-ақ, оның жас ұрпақпен үндестігі туралы зор тебіреніспен, кенінен тоқталып өтті. Сонымен қатар, Жазушылар Одағының бірінші хатшысы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, ақын Нұрлан Оразалин, Алматы қалалық әкімдігінің өкілдері сөз алып, өз жүрекжарды лебіздерін білдірді. Кеш соны мемлекеттік “Отырар сазы” оркестрінің концертіне ұласты.

Г. ТҮСІПОВА

Тазалық



НАУРЫЗ алдындағы сенбілік

18 наурыз күні Алматы қаласының әкімшілігінің мұрындық болуымен, 250 000 адам қатысқан жалпы қалалық сенбілік болып өтті.

Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесінің қарсаңында ұйымдастырылған бұл сенбілік былтырғы жылдан бастау алып, биыл да жалғасын тапты. Өз кезегінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың мыңдаған студенттері мен оқытушы-профессорлық құрамы бұл шараға белсене араласып, қаланы, өз оқу ордасын тазартуға үлесін қосты.

Өз тілшімізден

У.А. Джолдасбеков - 75 лет

1 марта 2006 г. в Казахском национальном университете научная общественность Казахстана отметила 75-летие выдающегося ученого, организатора науки и высшей школы, видного государственного и общественного деятеля, академика НАН РК, ректора университета с 1970 по 1986 год Умирбека Арислановича Джолдасбекова (1931-1999).

Программа мероприятий по празднованию началась с возложения цветов к мемориальной доске академика У.А. Джолдасбекова и открытия научной конференции “У.А. Джолдасбеков – выдающийся ученый, организатор науки и образования, общественный и политический деятель”. В этот же день на механико-математическом факультете КазНУ прошли Джолдасбековские чтения: Международная научная конференция “Проблемы теоретической и прикладной механики”.



ПАМЯТИ УЧЕНОГО

У.А. Джолдасбеков многие годы возглавлял КазГУ и внес исключительный вклад в развитие университета. Под его руководством был осуществлен первый этап строительства уникального университетского городка – КазГУграда. В годы ректорства Умирбека Арислановича КазГУ был удостоен ордена Трудового Красного Знамени в 1971 году, а в 1975-ом стал членом Международной Ассоциации Университетов.

За всей многогранной и последовательной работой, позволявшей

университету всегда быть на переднем крае высшего образования и вузовской науки Казахстана, достичь высокого международного признания, стояли усилия ведущих ученых и профессоров КазГУ, факультетских коллективов, но в первую очередь – авторитет, организаторский талант и научная прозорливость ректора академика У.А. Джолдасбекова. Можно утверждать, что основы учебно-педагогической, научно-исследовательской структур университета, ставших фундаментом современных научных и педагогических школ флагмана высшего образования

страны, сложились именно в период его руководства.

В 1986-1988 гг. Умирбек Арисланович заведовал кафедрой прикладной механики КазГУ. В 1988-1994 гг. возглавлял лабораторию, работал директором, почетным директором Института механики и машиноведения НАН РК. Он является основателем и первым Президентом Национальной Инженерной Академии Республики Казахстан.

У.А. Джолдасбеков окончил механико-математический факультет МГУ им. М.В. Ломоносова (1954). Доктор технических наук (1972), профессор (1973), Заслуженный деятель науки Казахской ССР (1974), академик АН Казахской ССР (1979), лауреат Государственной премии Казахской ССР (1982). Награжден Орденом Ленина, двумя орденами Трудового Красного Знамени, медалями, Почетными грамотами Верховного Совета Казахской ССР, международной Золотой медалью им. В. Г. Шухова (1992), Международной золотой медалью им. Аль-Хорезми (Иран, 1994).

У.А. Джолдасбеков – выдающийся механик и инженер. Его научные работы стали классикой и признаны во всем мире. Он является основоположником научной школы по теории механизмов и машин в Казахстане. На его счету 126 изобретений, авторских свидетельств и зарубежных патентов. Он автор более 400 научных работ, из которых свыше 70 опубликованы в странах дальнего зарубежья; 14 монографий, 30 учебников и учебных пособий. Под руководством академика У.А. Джолдасбекова защищено более 25 докторских и 130 кандидатских диссертаций.

Пресс-служба КазНУ

Тағзым

ДӘРІСХАНАҒА
ПРОФЕССОР
ЕСІМІ БЕРІЛДІ

13 ақпанда Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың тарих факультеті т.ғ.д., профессор Дина Исабайқызы Дулатованың есімі берілген дәрісхананы ашты. Д.И. Дулатова (1931-2004) – отандық тарих ғылымының маңызды бағыты болып саналатын тарихнама саласының дамуына үлкен үлес қосқан, белгілі тарихшы Ермұхан Бекмахановтың шәкірті.

Ол – Қазақ ұлттық университетінің тарих факультетінде 40 жылдан астам уақыт үзбей еңбек етіп, тарихшы-мамандарды даярлау ісіне ат салысқан шебер ұстаз, шәкірттерінің жадында адамгершілігі мол, биік мәдениет иесі ретінде мәңгі есте қалған зиялы тұлға.

1957 жылдан бері өз тағдырын Қазақ мемлекеттік университетімен біржолата байланыстырады. 1958 жылы Д.И. Дулатова аспирантураға түсіп, 1963ж. Е.Бекмахановтың жетекшілігімен “Ш.Ш. Уәлихановтың тарихи көзқарастары” атты кандидаттық диссертациясын табысты қорғады. 1972-1977 жж. Д.И. Дулатова ҚазМУ-дың тарих факультетінің деканы қызметін атқарды.

1986 жылы Д.И. Дулатова Мәскеуде “ХІХ-XX ғ. басындағы Қазақстан тарихы кенестік тарихнамада” атты докторлық диссертациясын үлкен табыспен қорғады. 1987 жылы профессор атағын алды. 1988 жылы ол Қазақстан тарихы кафедрасының менгерушісі болып сайланды, ал 1993 жылы Д.И. Дулатова Қазақстанның ежелгі және орта ғасырлар тарихы кафедрасын менгерушісі қызметін атқара бастады. Өмірінің соңына дейін осы кафедраның жетекші профессоры ретінде еңбек етті. Профессор Д.И. Дулатова – бірнеше монография, 100-ден астам ғылыми мақалалардың авторы.

Д.И. Дулатованың “Революцияға дейінгі Қазақстанның тарихнамасы (1861-1917)” атты монографиясы (Алматы, 1984) тек республикалық ғана емес, сонымен бірге одақтық келемедегі баспасөзде өте жоғары бағаланды. Оған шетелдік (АҚШ, Англия) ғылыми орталықтары тарапынан қызығушылық білдірді.

Профессор Д.И. Дулатованың жетекшілігімен кафедрада бір докторлық, он үш кандидаттық диссертациялар даярланды. Дина Исабайқызы Дулатова өзінің күш-жігерін, қайратын жас тарихшылар буынын тәрбиелеуде, оларды маман ретінде қалыптастыруда аямай еңбек еткен тамаша ұстаз болды.

Баян АМАНЖОЛҚЫЗЫ

Таным

“ТАРИХЫМЫЗДЫ
ТӨЛ ДЕРЕКТЕРІМІЗДЕН
ТАНИҢК”

Осындай атпен 16-17 наурыз күндері ҚазҰУ-дың тарих факультетінің Деректану және тарихнама кафедрасының ұйымдастыруымен алғаш рет тарихи білім сайысы өтті. Мақсаты – жоғарғы курс студенттері мен магистранттары арасында деректану ғылымын насихаттау мен жастардың тарих ғылымына деген қызығушылығын арттыру.

Сайысқа шақырылған қонақтардың ішінде университеттің Оқу ісі жөніндегі проректоры, ф.ғ.д., профессор Ж.Д. Дәдебаев. Тіл және тәрбие ісі жөніндегі проректор Н.О. Омашев, “Парасат” көсіп одақ ұйымының төрайымы М.Т. Мұқашева және факультет декандары мен ұстаздары болды. Сонымен қатар, сайысты тамашалауға бұқаралық ақпарат өкілдері келді. Әділ қазылар алқасының құрамын факультет деканы т.ғ.д., профессор Ж.Қ. Таймағамбетов, Деректану және тарихнама кафедрасының менгерушісі т.ғ.д., Қ.М. Атабаев және өзге де білікті оқытушылар құрады. Бірнеше турдан өткен сайыскерлер жарыс қорытындысы бойынша, ақшалай жүлдемен марапатталды. Сыйлықты конкурс демеушісі Сәбит Салқыннов мырза тапсырды.

Жансая СЕРҒАЗЫҚЫЗЫ



Делегация осы қаладағы медресе отырарлық өзге де ғұламалардың дәріс бергенін анықтады. Сондай-ақ, олар осы кесене жанындағы әл-Адиллиа (XIIIғ.) медресесінен әл-Фарабидің ескерткішін тауып, суретке түсіріп алды.

Зиялыларымыз Сирияның солтүстігіндегі ірі мәдени-ғылыми орталығы Халаб шаһарына сапар шекті. Сонда бара жатып қазақстандық ғалымдар жолай Хомс қаласындағы Заһир ад-Дин Бейбарыс салдырған Халид бин Уалид атындағы мешіт пен оның жанындағы мұражай экспонаттарымен танысып, естелік дәптерге Сирия халқына деген ризашылығын жазып қалдырды.

Халаб қаласында делегация әмірші Сайф ад-Даула әл-Хамданидің әл-Фараби тұрған сарайын және осы шаһардағы бірқатар діни, мәдени-ғылыми орындарын аралады. Делегацияның Сирияда болу барысында оларды осы елдің министрі Зияд ад-Дин әл-Аййуби, жоғары білім министрі Гийяс Барақат пен Дамаск университетінің ректоры Уаил Муалла мырзалар қабылдады. Тараптар ғылыми-мәдени, рухани, байланыс мәселелерін талқылады.

Таяуда “Мәдени мұра” бағдарламасының аясында Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти Әбсаттар қажы Дербісәлінің ұйымдастыруы және басқаруымен бір топ қазақстандықтар Сирия Араб Республикасында болып қайтты. Делегация құрамында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры, профессор Төлеген Қожамқұлов, сондай-ақ, Әлімжан Құртаев, Абдолла Жұмашев, Жарылқасын Нұсқабайұлы сынды қоғам қайраткерлері бар. Олар Дамаскіде өмір сүріп, сонда дүниеден өткен Ислам әлемінің үлкен мақтанышы, энциклопедист ғалым, Аристотельден кейінгі екінші ұстаз атанған Әбу Насыр әл-Фараби зиратына Отырар топырағын салу және сондағы Мысырды 17 жыл билеген қазақ жерінің тағы бір перзенті Сұлтан аз-Заһир Бейбарыс кесенесінің де мәңжайын біліп қайту үшін барған болатын.

● Сапар



БАБА РУХЫНА ТАҒЗЫМ

Р.С.
Сапар қорытындысы бойынша Сирия Араб Республикасының Бас мүфтиі, шейх, доктор Ахмед Бадр ад-Дин Хассун мен Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти, университетімізде ұзақ жылдар оқытушылық қызмет атқарған профессор Әбсаттар қажы Дербісәлі өзара ынтымақтастық туралы келісімшартқа қол қойды. Сондай-ақ, Сирия сапары жөнінде сол елдің бұқаралық ақпарат құралдары кеңінен жазып, халқымен таныстырып отырғанын айта кеткен жөн.

Алма САЙЛАУҚЫЗЫ



● Елдестіремек - елшіден

Иран елшісімен кездесу

2 наурыз күні Шығыстану факультетінің Әл-Фараби атындағы залында Иран Ислам Республикасының төтенше және өкілетті елшісі Рамин Мехманпараст мырзамен кездесу өтті. Бұл кездесуге студенттер мен ұстаздар қауымы үлкен қызығушылық танытып, елшінің әрбір сөзін зейін қойып тыңдады. Кездесу барысында елші Иран Ислам Республикасының қазіргі таңдағы саяси-әлеуметтік жағдайына байланысты туындаған әртүрлі пікірлерге тоқталып өтті.



Жалпы, әлемдік аренада Иран мәселесі жөнінде болып жатқан құбылыстарға деген Иранның көзқарасын, соның ішінде атом энергиясы, Америка мен Иран арасындағы қарама-қайшылықтар, Каспий өңірі мәселесі, Иранның Таяу шығыс елдеріне қатысты сыртқы саясаты мен көзқарасы жөнінде және тағы басқа мәселелерге байланысты сауалдар қойылып, толыққанды жауаптар алынды. Сонымен бірге, осы кездесуде Иран Ислам Республикасының Қазақстан Республикасындағы елшілігі қарамағындағы мәдени орталығының басшысы Хасан Сафархани мырза және оның орынбасары Мохсен Хейдарнейя мырза факультеттің Ирантану және үндітану кафедрасы студенттері мен оқытушыларына парсы тіліндегі екі жүзден аса кітаптарды сыйлық ретінде тарту етті. Кездесуді қорытындылаған факультет деканы Нұржамал Әбдіразаққызы Алдабек ханым елшінің зор мәні бар сұхбаты үшін алғыс білдіріп, Қазақстан Республикасы мен Иран Ислам Республикасының қарым-қатынастарының екіжақты жан-жақты дамуына тілектес екенін білдірді.

Фариза АХМЕТОВА

● Мәселе

Неге бізде БӘРІ БАР ДА, БІРІ ЖОҚ?!

Неге біздер оңы мен солғын танымаған кешегі мектеп оқушысын ерте бастан шет елге жіберіп, білімді сол жақтан ал дейміз?! Неге оларды келмей қалса өкпелеп кіналаймыз?! Неге біздер сол бастапқы білімді өзімізде оқытпаймыз?!

Оқуға кеткен баланың бұл жерде кінәсі жоқ. Жүзден жүйрік шығып, шет елге барды, сол елде қандай білім берді, сонымен қаруланды, соны меңгерді де қайтып келді. Шет елдің оқу орны өз еліне керекті маман дайындайды емес пе? Ал оның бар білімін, мамандығын қолдана алатындай жағдай бізде бар ма? Оның кәсібі шет ел жүйесінде іске асады.



Баласын жіберіп отырған ата-ананың да ұстанымын түсінуге болады. Баласы 4-5 жыл елде білім алады. Одан кейін шет елге барып, тіл үйреніп, кәсібилігін тереңдеткенше тағы 2-3 жыл уақыт өтеді. Сонда баласын 8-9 жыл оқыту керек болады. Оған қарағанда бірден сол жаққа барып білім алып келсін деген ой да дұрыс көрінеді.

Осы сұрақтар жауабын бір ғана мамандық төңірегінде орбіте отырып іздесек. Дүние жүзі бағалап, мойындап отырған Қазақстанның қазіргі жағдайы оның экономикалық ілгерілеп дамуына қолайлы жағдай қалыптасқан кез. Сондықтан да экономиканың түрлі саласына маманданған, кәсіби қаблеті жоғары, өзімізден экономикасы ілгері

елдің озық тәжірибесін елімізге бейімдей алатын маман қажет.

Экономиканың дамуына ықпалы күшті сала негізінде математикалық модель жататындықтан да болар, шет елде экономика мен математика бір-бірімен баламалас ғылымдар деп түсініледі. Олай болса, осы екі ғылым тізгінін қатар ұстай алатын маман бізде қазір бар ма?

Бізге жеке математиканы білетін студент бар. Бізде экономист студент бар. Бізде ағылшын тілін білетін студент жеткілікті. Ал осы қабілеттердің бәрі бір студент бойынан табылатын маман жоқ.

Олай болса, сабақтары 1-курстан бастап ағылшын тілінде жүретін, ма-

тематиканы терең оқытатын экономист мамандар дайындалатын мамандық болуы керек. Айталық, осындай мамандықта даярланған студенттік топ бар делік. Біз осыдан не ұтамыз?

● Біріншіден, ел экономиканың түрлі саласында математикалық модельдерді құра алатын, бар математикалық моделдерді Қазақстан экономикасына бейімдей алатын мамандармен қамтамасыз етіледі.

● Екіншіден, ел экономикасының дамуына қажетті шет елдік білімдерді мақсатты түрде меңгеріп келуге жіберетін студент-маман даярланады. Кредиттік оқыту жүйесінде бұл ешқандай қиындық туғызбайды, кредиттік жүйенің меңзегені де осы емес пе?!

● Үшіншіден, студентті ағылшын тілінде оқыту барысында ұстаздардың да кәсіпкерлігі, тіл білімі жетіледі, басқа жоғары оқу орындарымен тәжірибе алмасу, еркін байланыс қалыптасады.

● Төртіншіден, университеттің алдыңғы қатарлы мамандар даярлайтын, озық ғылыми орталық тұрғысындағы дәрежесі артады.

● Бесіншіден, мемлекет тарапынан қойылып отырған жастарға мамандығын ағылшын тілінде меңгерту тапсырысының шешілгені болады.

Университет ұлттық болғандықтан, мұндай топтарды қазақ бөлімінің негізінде ашқан дұрыс болар. Шет елге шыққан студент - біздің елдің өкілі, ол өз тілін жақсы білуі қажет, орыс бөлімінің студенті қазақша түсінбейді, ал қазақ тобының студенті орыс тілінде еркін сөйлесе береді. Ел-жерге етене жақын өскен, экономиканың үлкенді-кішілі шаруашылығына көзі қанық, аудан орталықтарында кіші-гірім кәсіпорындар жұмысымен таныс, екі-үш жыл білім нәрімен қаныққан қазақ баласы ертең шет елде қалып қоймайды.

Осыларды іске асыру үшін бізде материалды-техникалық база бар; оқытушы-кадрлар бар; математика мен ағылшынды тереңдетіп оқытатын мектеп түлектері жеткілікті. Сонда бізде не жоқ?

БҮТ тапсыру уақыты да таяған сайын мектеп түлектері қандай мамандық таңдасам, қайда оқысам деген таңдау кезеңінде. Ертерек хабарлар етсек олар да разы, білімді мен білікті түлектерден құрылған топтармен жұмыс істеу университет ұжымына да жеңіл болары сөзсіз.

Л.Н. ОРАЗБЕКОВА,
математикалық талдау кафедрасының доценті,
М.М. БАҚАБАЕВ,
механика-математика факультетінің магистранты

● Сұхбат

жүзеге асты?

– Жас Астанамызға Республиканың түпкір-түпкіріндегі жоғарғы оқу орындарының студенттері ат басын тіреді. Оларды күтіп алып, қасында көмекші серік болып жүруді Қазақ Заң университетінің студенттері өз мойнына алды. Жер-жердегі құрдастарымызбен, замандастарымызбен танысып, араласу, жалпы алғанда, өте қызықты

тына жету үшін біздер талмай еңбек етіп, сапалы білім алуымыз қажет.

– ҚСА ұйымының құрылымы жөнінде не айтасыз?

– Қазақстан Студенттер Альянсы бес деңгейлі басқару құрылымнан тұрады: Республика – Аймақ – ЖОО – Факультет – Топ. Ұйымды басқару жүйесі ашық түрде дауыс беру арқылы жүзеге асады. Бұл өз кезегінде

есімдері анықталды. ҚСА-ның жаңа көшбасшысы болып – Алмас Жүнісбаев (2005 жылы Ақмола облысының аймақтық көшбасшысы қызметін атқарған) сайланса, Алматы қаласының көшбасшысы болып Халықаралық Бизнес Академиясының студенті Дәуренбекова Нәйла тағайындалды.

– Айнагул, Қазақстан Студенттерінің 2-құрылтайының сіз үшін

да өзіңізге не түйдіңіз?

– Республикамызда қазіргі кезде жастар саясатына үкен көңіл бөлінуде. Сондықтан мұндай үлкен шараға еліміздің жоғарғы оқу орындарының, оның ішінде Әл-Фараби атындағы ұлттық университеттің қатыспауы өте мүмкін емес. Бүгінгі жас – ертеңгі елдің болашағы. Өзімізді толғандыратын мәселелерді шешуге бірлесіп, бірлік

“БІРЛІК БАР ЖЕРДЕ ТІРЛІК БАР”

Қазақстан Студенттер Альянсының 2-құрылтайына барып қайтқан студенттеріміз осылай дейді

өтті.

– Қазақстан Студенттер Альянсы 2-құрылтайының басты мақсаты қандай деп есептейсіз?

– ҚСА-ның алдына қойған мақсаттары бірнешеу. Біріншіден, ел жастарын мемлекетімізді дамыту және өркендету идеялары негізінде шоғырландыру. Екіншіден, студенттердің патриоттық сезімі мен азаматтық мәдениетін жаңа деңгейге көтеру. Үшіншіден, жастардың құқықтары мен мүддесін қорғап, олардың іс жүзінде жүзеге асуын қадағалау. ҚСА-ның максатына

оның заңдылығын мойындатып, студенттердің оған деген сенімін арттырады.

Құрылтайдың басқару жүйесі мынадай түрде болады: Қазақстан студенттер құрылтайының көшбасшысы, аймақ көшбасшысы, ЖОО көшбасшысы, факультет көшбасшысы және топ көшбасшысы.

– Осы құрылтайда жасаңа көшбасшылар сайланған екен, олар кімдер?

– Көшбасшылар 1 жылдық мерзімге сайланады. Студенттердің екінші құрылтайында жаңа көшбасшылардың



К. Жүнісбаев

А. Нұржанова

А. Сайлауқызы

9-12 ақпан аралығында Астанада Қазақстан Студенттер Альянсының 2-құрылтайы өтті. Оған Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дан журналистика факультетінің 1-курс магистранты Аяла Сайлауқызы, заң факультетінің 3-курс студенті Айнагул Нұржанова, философия және саясаттану факультетінің 3-курс студенті Қымбат Жүсіпова сынды студенттеріміз барып қайтқан болатын. Олардың осы сапары жайлы газет оқырмандарын жақынырақ хабардар етейік деген ниетпен, қыздарға бірнеше сауал қойған едік.

маңызы қандай?

– Қазіргі кезде Қазақстан Студенттер Альянсы жастар мәселесін алға қойып, соны шешу жолында жұмыс атқаруды көздеп отыр. Екіншіден, Қазақстан Студенттер құрылтайы ортақ мүддені көздеген құрбы-достар тауып, болашақта араласуға жетелейтін мүмкіндік болып табылады. Олардың барлығы әр түрлі, әркімнің өзіне тән ерекшеліктері бар.

– Қазақстан Студенттер Альянсының 2-құрылтайына біздің оқу ордасына қатысып қайтқаныңыз-

танығып атсалысасыз, бұл еліміздің алға жылжуына біздің тарапымыздан қосар елеулі үлесіміз деп есептеймін.

Қыздардан сұхбат алу барысында ең қатты әсер сыйлаған сәт не болды деп сұрағанызда, поездан түскен сәтте Астана вокзалына жолданған сәлем мен әнұран тыңдаған сәт деп жауап берді. “Қолымызды жүрегімізге қойып, біз үшін әдейі арнап қойылған әнұранды орындап, шынығып да да зор құаныш сыйлады”, - дейді олар.

Дина ҚОЖАМУРАТОВА

● Сайыс

“ҚазҰУ -дың суперстуденті”. Осы бір мәртебелі атты иемденуге университетіміздің кез келген студенті ұмтылары анық. Былтырғы жылдан бастау алатын бұл интеллектуалды конкурсы Студенттер сенаты, “Сұңқар” кәсіподағы және Жоғарғы студенттер кеңесінің қолдауымен қайта жалғасын тапты. 2006 жылдың суперстуденті атану үшін 13 факультеттің барлығына іріктеу туры өтіп, өз факультетінің намысын абыроймен алып шығам деген жүздеп жүздік, мыңнан тұлпарлар анықталды.



Нәзира БҮЛДҮРҚОВА

Ол үшін білімді таныммен ұштастырған әрбір жас білуге тиіс. арнайы дайындалған тест сұрақтарына жауап берсе және “Егер де мен...” конкурсында орелі ой айта жеткілікті еді. Алғашқы кезең нәтижесінде тарих факультетінен Дәурен Омаров, шығыстану факультетінен Нәзира Бүлдүрқыова, халықаралық қатынастар факультетінен Әсел Қамза, заң факультетінен Қайрат Молдахметов, география факультетінен Маржан Шаймерденова, биология факультетінен Ерғұлан Қарбозов, философия және саясаттану факультетінен Бакытжан Төлімбет, экономика және бизнес факультетінен Дархан Апиев, физика факультетінен Еркеғали Шамшиев, химия факультетінен Бауыржан Сәрсенбаев, журналистика факультетінен Мұрат Есжан, филология факультетінен Нұрбек Түсіпхан ақтық сайысқа жолдама алған болатын. Тек механика-математика факультетінен қатысуға тиіс болған Құрмет Әубәкіров белгілі себептермен қорытынды сайысқа қатыса алмай қалды.

Жартылай финал мен ақтық бөсеке 23-24 ақпан күндері Жастар Рухани Орталығында өтті. Ондағы ең бірінші конкурсы “Біздің факультет осындай!” деп аталды. Бұл сайыстың мақсаты әр қатысушы өзін өз факультетін мадақтай отырып таныстыру қажет болатын. Биылғы жылғы сайыстың бір ерекшелігі, студенттер таныстыру сайысын қазіргі заманғы техникамен үндестіріп көрсетуге тырысқан екен. Дегенмен де, додаға қатысушылардың ішінде жақсы дайындық жасап, тиісінше үздік коріне білген студенттер және сайысқа тым селкөс қарап, “әйтсеуір шықсам болды” дегендей сынаймен қорынып қатысушылар да болды. Жарқ етіп шыға білген, әрі регламентті сақтауға тырысқан білімгерлердің қатарында халықаралық қатынастар факультетінің студенті Ә.Қамза, химия факультетінің студенті Б.Сәрсенбаев, заң факультетінің студенті Қ.Молдахметов және филология факультетінің студенті

Н.Түсіпхан болды. “Қай сөз нені білдіреді?” сайысы бап шаба ма, бақ шаба ма дегеннің кері болды. Олай дейтін себебіміз, бір сайыскерге кей неологизм-архаизмдердің мағынасын түсіндіру жеңіл болса, екінші біреулер үшін ол міндет маңдайдан көдімгідей тер шығарды. Үшінші сөзжұмбақ конкурсы байқауға қатысушылардың білімі мен дүниетанымын тексерудің таразысы болды. Алайда, барлық 12 қатысушы үшін дәл осы конкурс ең қиын тур болды. Себебі, ол салмақты сұрақтарға сай салмақты жауапты қажет етті.

Сонымен, 3 тур да артта қалып, ұпай саны бойынша ақтық бөсекеге шығыстану, философия және саясаттану, халықаралық қатынастар, география, журналистика, экономика және бизнес факультеттерінің үкілі үміттері суырылып шықты. Осы үміткерлердің ақтық сайысқа қатысатыны белгілі бола салысымен, жеребне бойынша кездейсоқ бөліну арқылы, 2 топ анықталды. 24 ақпан күні Жастар Рухани Орталығына жиналған жанкүйерлердің саны да алғашқы күннен кем түспеді. Философтар, географтар және экономистер “Жерұйық” тобының бағы жануын тілесе, журналистер, шығыстанушылар және халықаралық қатынас мамандарының жаны “Көшпенділер” тобы үшін ауырды. Жалпы топтың презентациясына арналған “Беташар” сайысы осы күнгі турлардың ең қызықтысы болды десек, қателеспеспіз. Жұмбақ сайысы білімгерлердің сөздік қоры мен алғырлығын аңғартса, ал “Брейн-ринг” сайысы олардың білімі мен дүниетанымын танытты. Осы 3 сайыстың нәтижесінде 3 студент соңғы, Суперфинал турына жолдама алуға тиіс болатын. Алайда, журналистика факультетінің үкілі үміті болған Мұрат пен философия және саясаттану факультетінің сенімін арқалаған Бакытжанның ұпайлары тең түсіп, олардың тағдырын қосымша, мақал-мәтел сайысы шешті.

Суперфинал монологын оқу бақытына Әсел, Нәзира және Мұрат ие болды. Оқушылардың алдында саясат туралы, студенттердің алдында қыз тәрбиесі туралы және депутаттардың алдында студенттер туралы сөз айту кім-кімнің болсын қолынан келе бермейді. Соңғы болып сөз алған Әсел де болды, әділ-қазылар алқасы да өз ұпай-

ларын көтерді.

Есеп комиссиясы тарапынан сайыс қорытындысы да жарияланды. 2006 жылдың “Суперстуденті” байқауында жүлделі 3-орын журналистика факультетінің 2-курс студенті Есжан Мұратқа бұйырса, 2-орынды халықаралық қатынастар факультетінің 4-курс студенті Қамза Әсел иемденді. Ал 1-орын, яғни ҚазҰУ-дың осы жылғы “суперстуденті” болып – шығыстану факультетінің 3-курс студенті Бүлдүрқыова Нәзира танылды. Оған былтырғы жылғы жеңімпаз Әбдіқалырова Жанардан арнайы кубок және Ыстыққол жағалауына 2 адамға арналған жолдама тапсырылды.

P.S.

Толассыз қошемет. Гүл шоқтары. Естелік суретке түсуге ұмтылған жастар. Суперстуденттеріміздің жүзі бал-бұл жанады. Студенттер ұйымдарының көшбасшыларынан құралған әділ-қазылар алқасының мүшелері де абыроймен өткен сайысқа риза болып жүр. Дәл осы білім додасынан кейін кез келген студенттің “суперстудент” атануға құлшынары сөзсіз. Ол ниеттерінің қаншалықты жүзеге асқандығын келер жылы байқармыз. Ал әзірге жеңімпаз студенттерді және олардың факультеттерін құттықтай отырып, осылайша тек биіктерден көріне беруіне тілектестік білдіреміз.

А. НҮРКЕЕВА

СУПЕРСТУДЕНТ – 2006



● **Жастар
Рухани
Орталығы**

Алғашқы болып сөз алған т.ғ.д. Нәбижан Мұхамеджанұлы Қазақ мемлекеттігінің қалыптасуы және оның белгілері туралы нақты тарихи деректерге сілтеме жасай отырып баяндап берді. Сондай-ақ т.ғ.к., доцент Берекет Кәрібаев мемлекет және оның рәміздері ұғымына кеңінен тоқталып өтті. Тарихшы, т.ғ.д., доцент Нәдира Нұрғазинаның мемлекеттік рәміздеріміздегі символдардың қайдан келгендігі жөніндегі және т.ғ.к., доцент Арман Жұмаділдің рәміздерімізге деген құрметті арттыру жолдары жайындағы субелі әңгімесі мазмұнды да әсерлі шықты. Сонымен қатар, халықаралық қатынастар факультетінің аспиранты Жанар Әбдіқадырова мемлекеттік рәміздеріміздің халықаралық аренадағы



Мемлекеттік

Рәміздер

және

ЖАСТАР

рөлі мен маңызына тоқталып өтті.

Әңгіме желісін қызу пікірталасқа айналдыруға түрткі болған Алматы қаласы әкімдігі, Ішкі саясат департаментінің талдау-мониторинг бөлімінің бастығы Роза Кәріпжанова ханым мемлекеттік рәміздерге байланысты сүреңсіз көріністер жайында жастарға нақты дәлелдермен айтып берді. “Елдің елдігін танытатын мемлекеттік рәміздер қай жерде болса, сол жерде ілініп тұр. Бұл дұрыс емес”, - деді ол өз сөзінде. Әсіресе, мемлекеттік байрағымыздың дұрыс ілінбеуінің жай-жапсары Рухани орталыққа жиналған жастарды ашындырмай қоймайды десек, артық болмас.

Мемлекеттік рәміздерді бастырып шығарумен 12 жылдан бері айналысып келе жатқан Ахмет Абузяров мырза туымыз бен елтаңбамыз-

дың түсінің өзі мемлекеттік стандартқа сай болу керектігі жөнінде хабарлар етті.

Сөз соңында Гүлнар Әлібекқызы мемлекеттік рәміздеріміздің жас ұрпаққа насихатталуы әлі де болса төмен екендігіне және сол бағыттағы жұмыстарды өрістете түсу қажеттігіне тоқталды. Пікірталасқа белсене араласып, өз ой-пікірін еркін білдірген студент жастарға алғысын білдірді.

Жиналған қауым дөңгелек үстел отырысын жаңа әнұранды орындап тәмамдауды кош көрді. Көпшіліктің жанарын нұрландырып, Жастар Рухани Орталығын биік рухқа бөлеген “Менің Қазақстаным” осы бір отырыстың логикалық қорытындысы іспетті еді.

Асылбек САТАЕВ



● **“Сұңқар” кәсіподағы**

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУҒА ӘРКЕЗ ДАЙЫНБЫЗ

Еліміздің әлеуметтік, экономикалық және саяси өміріндегі түбегейлі өзгерістер біліктілігі жоғары кадрларды, мықты ұрпақ қалыптастыруды талап етеді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті заман талабына сай мамандарды дайындауға ерекше көңіл бөледі. Біз мұны университетіміздің материалдық-техникалық, оқу және тәрбие базасынан-ақ көре аламыз. Білікті маман қалыптастыру үшін студенттерге жағдай жасауда университеттегі студенттер кәсіподағының маңызы аз емес.

“Сұңқар” студенттер кәсіподағының іргесі 1999 жылғы 14 сәуірдегі кәсіподақтың есеп-таңдау конференциясында қаланды. Ал 1999 жылы 28 мамырда “Сұңқар” мемлекеттік тіркеуден өтіп, заңды тұлға ретінде куәлікке ие болды.

ҚР заңына сәйкес, студенттер кәсіподағының ұстанатын негізгі бағыттары: демократиялық, жариялық, өзін-өзі қаржыландыру, өзін-өзі басқару. Ал алдына қойған негізгі мақсаты – ҚР заңдарына сәйкес Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенттерінің әлеуметтік-экономикалық және құқықтық мүдделерін, сонымен қатар мүшелерінің еңбек құқығы мен денсаулығын қорғау.

“Сұңқар” студенттер кәсіподағы факультеттердегі кәсіптік бюро қызметтерін басқарады, сондай-ақ университетіміздің түрлі салаларымен бірлесе жұмыс істейді. Бұл жұмыстың мәні еңбек заңнамасының орындалуын бақылау, жеңілдіктер ұсыну, студенттерді оқу үрдісіне және университеттің қоғамдық өміріне белсенді түрде араласуға ынталандыру, қайырымдылық көмек, факультеттердегі кәсіптік бюро қызметін ұйымдастыруға атсалысу секілді қызметтерден көрініс табады.

Студенттерге көрсетілетін әлеуметтік қолдау келесідей:

- “Сұңқар” студенттер кәсіподағының ұсынуымен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жетім студенттерге ай сайын Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қайырымдылық

көмек көрсетеді және жылына бір рет киім-кешек алуға ақша бөлінеді;

- Денсаулығы нашар науқас студенттерге, мүгедектерге қайырымдылық көмек жасайды;

- Студенттер емханасының тізімінде тұрған асқазаны ауыратын жастарға диеталық тамақтануға тегін талондар береді;

- Әлеуметтік жағдайы төмен, көп балалы отбасынан шыққан студенттерге, балалы студенттерге – жалпы көмекке зоры жастарға қайырымдылық көмек көрсетеді;

- ҚазҰУ-дың Ыстықкөл жағасындағы емдік-сауықтыру лагеріне жолдамаларды 50% жеңілдікпен ұсынады;

- Факультеттік және университеттік деңгейдегі іс-шараларды атқаруға материалдық қолдау көрсетеді;

- “Сұңқар” студенттер кәсіподағының ұсынуымен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жетім студенттер жатақханада тегін тұрады;

- Студенттердің оқудан тыс уақытында жұмысқа орналасуына жәрдемдеседі;

- Құқық пен тәртіп қорғау отрядының тегін тамақтану талондарымен

қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, “Сұңқар” студенттер кәсіподағы жыл сайын жетімдер үйіне қайырымдылық көмек көрсетіп, бөбектерді арнайы дайындаған сыйлықтар және көңілді концерттік бағдарламамен қуанып жүр.

Кәсіподақ қызметі тек әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асырумен ғана шектелмейді. Ол – университеттегі қоғамдық-модерн шаралардың белсенді қатысушысы әрі ұйымдастырушысы. Мәселен “Сұңқар” студенттер кәсіподағы “Студенттер қатарына өту рәсіміне”, “Жаңа жыл”, “Наурыз”, “Менің Қазақстаным”, “Мемлекеттік тіл – менің тілім” секілді университетімізде болып жатқан шараларға белсенді түрде қатысумен қатар, қаржылай көмек те көрсетіп тұрады. “Студенттердің әлеуметтік мәселелері”, “Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студентінің имиджі” атты конференцияларды және Студенттер сенатымен бірлесіп “СУПЕРСТУДЕНТ” байқауын өткізді.

Осылайша, кәсіподақ қызметі арқылы студенттер өз қабілеттерін қоғам мүддесі үшін көрсете мүмкіндік алып отыр. Ал кәсіподақ мүшесі болу – бұл оқу ордамыздың әрбір студенті иемдене алатын құқық.

Малика СЫЗДЫҚОВА

● **Сан мен сапа**

15 наурыз күні халықаралық қатынастар факультетінде Қазіргі шығыс тілдері кафедрасының аға оқытушысы, кураторлар тобының жетекшісі Г.Т.Тілеужанованың ұйымдастыруымен “Қазақстандағы демографиялық ахуал” деген тақырыпта факультет жатақханасында дөңгелек үстел өтті. Кездесуге I, II, III курс студенттері мен кафедра оқытушылары қатысты.

ДЕМОГРАФИЯ ҰЛТТЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕСІ



Осы аса маңызды мәселені студенттер жан-жақты талқылап, “демография” сөзінің мән-маңызына тоқталып қана қоймай, сонымен қатар, Қазақстандағы табиғи ұрпақ өсуінің күрт төмендеуі ұлттық қасірет екендігіне көптеген статистикалық деректерді келтіріп, демографияға әсер ететін факторларды атап өтті, қазіргі уақытта демография ғылымын зерттеп жүрген мамандарды да айта кетті. Сондай-ақ, Қазақстандағы демографиялық ахуалды басқа ірі шетел мемлекеттерімен де салыстырып көрсете білді. Талқылауға қатысқан баяндамашылар I курс студенті Жақыпова Әсел, IV курс студенті Қамза Әсел, I курс студенті Мұстафаева Дамира өздерінің салмақты да терең дайындықтарымен көзге түсті. Қызу пікір сайыста демография – ұлттық болмыс, демография – ұлттық рух, демография – ұлттық менталитет, демография – демократия ұғымдарына да зор көңіл бөлінді. Студенттер алдында кафедра менгерушісі Үлбала Тұраппайқызы Алжанбаева, араб тілінің оқытушысы Зүбәйра Әбідін, қытай тілінің оқытушысы Нұрахмет Абданбеков өздерінің өмір тәжірибелерімен, ақыл-көңілдерімен бөлісті. Сонымен бірге өз ой-пікірін айтып, пікірсайысқа барлық ынта-жігерімен қатысқан студенттер қатарында Т.Масанов, Ә.Садық, А.Қуанышбекова, А.Құттыбеков, С.Ералин және С.Ержановалар болғанын айта кеткен жөн. Бұл студенттер дөңгелек үстелдің жоғары деңгейде өткеніне белсенді қатысқаны үшін шағын сыйлықтармен марапатталды.

Кездесу студенттердің дайындаған концерттік нөмірімен жалғасын тапты. Кеш соңында белгілі ақын Мұқағали Мақатаевтың: *Талай нәсер төгілер, болар жасын, Алапат күн, әйтеуір, жол алмасын Мына нұрлы өмірге тірек болған Адамзаттың ұрпағы жоғалмасын,* деген жыр жолдары айтылды. Бұл осы жиынның заңды қорытындысы іспетті еді.

Сафура БӨРІБАЕВА,
Қазіргі шығыс тілдері
кафедрасының аға оқытушысы

● Тәжірибе

БІЗДІҢ СТУДЕНТТЕР - ПАРЛАМЕНТТЕ

Халықаралық қатынастар факультетінің 2-курс студенті Абаканова Эльнура мен 1-курс магистранты Қамза Әсел, журналистика факультетінің 1-курс магистранты Сайлауқызы Алма, сонымен қатар экономика және бизнес факультетінің 1-курс магистранты Сыздықова Малика бір апта көлемінде университет қабырғасында жинаған білімін жоғары дәрежелі біліктілікпен ұштастыруға мүмкіндік алды. Халық қалаулысы, Желтоқсан оқиғасының батыры Нұртай Салихұлы ел үміт арқалаған жастарға әркез қолдау көрсетіп жүргені көпшілікке мәлім.

Біздің қыздар да өздеріне жүктелген істі абыроймен атқарып, өз саласының білгір маманы болып тәрбиеленіп жатқанын дәлелдей білді. Тәжірибеден өту барысында олар депутаттық сауалдар, сайлаушылар мен азаматтардан келген хаттарға жауаптар дайындауға, іс қағаздарын

Жуырда, нақтырақ айтар болсақ, қаңтардың 23-28 аралығында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың бір топ білімгері Мәжіліс депутаты Н.С. Сабильяновтың шақыруымен, ҚР Парламентінің қабырғасында тәжірибеден өтіп қайтты.

жүргізуге ат салысты. Сондай-ақ, Мәжіліс құрамындағы бірнеше комитеттердің отырысына және Үкімет мүшелерімен болған кездесуге қатысып, бірнеше әлеуметтік маңызы зор заң жобаларының талқылау барысына куә болды. Таяуда ҚазҰУ ректоры Т.Ә.Қожамқұлов мырзаға Н.Сабильяновтан: "Сіз басқаратын білім ордасының қарашанырағының студент-жастары Парламент Мәжілісінде тәжірибеден өту барысында өздерін сауатты, ұқыпты, әрі жан-жақты білімді

маман ретінде таныта білді. Осындай белсенді, білімді жас мамандар тәрбиеленіп жатқан еңбектеріңізді жоғары бағалап, алғыс білдіргім келеді", - деген лебіз жолдары бар хат келіп жетті.

Парламентте қоғамдық көмекшілер ретінде тәжірибеден өту ҚазҰУ студенттері үшін таңсық емес. Бұған дейін де (соңғы 4-5 жылдан бері) пікірсайысшы жастар Ұлттық Пікірсайыс орталығы мен Парламент Сенатының бірлескен жобасы негізінде, еліміздің ең жоғарғы заң шығару ме-




кемесінде тәжірибеден өтіп қайтқан болатын. Ал бұл жолғы сапардың басты ерекшелігі, студенттеріміздің ҚР Мәжілісіндегі тәжірибесі оның соңғы сайланған құрамында, әрі жана ғимаратында өткендігі еді.

Н. РУШАНОВА

● Күнделік

ШЫРАЙЛАНДЫ ҚАЙТАДАН ШУАҚТЫ АРМАН

Міне, асыл арманым жсақыннан қол бұлғады. Менің қарсы алдымда Ұлы ұстаз тұрды. Тұңғыық ойлы жанарынан жылылықты сезініп, жүрек-жарды сөзінен жаным жадырады. Өзімді ең бақытты шәкірттей сезіндім. Ұлы ұстаздың жан-жүрегіне бойлап, ағымнан жарылып, сырласқым келді...



Асыл сөзді тізілкен қаламгер-жазушыдан, тіс қаққан ұстаздан ғибрат алып, өнегесін тыңдау мен үшін тұңғыықтағы ізгі тілек болатын. Біртуар азаматпен диаларласып, бір ауамен тыныс алу – мен үшін бұл фәнидегі зор бақыттың бірі. Өз ортамадағы таныс жандардан ұстаз жайында соны естеліктер, тың өңгімелер естіп қалармын деген үмітпен сөз өрбітетінмен. Асылы, сол мезеттерде көңіл қойнауында онымен тоғыссам деген сезімім "мен-мендеп", тағат таппайтын.

Кен зал. Ине шаншар жер жок. Дәл төрде барша жамағаттың ықылас-лейілін бір өзіне қаратып, Ұстаз биік мінбеден асыл сөзден өрнек тоқып жатыр. Өзге студенттермен жапатармағай ішке кіріп, ұстазға ең жақын жерден орын алып алған мен, ең алдымен, оның иірім-иірім әжімдерінің арасындағы тұнық, ойлы жанарына зер салдым. Тұңғыық терен көзінде түрлі кезендердің ең асыл маржандары шоғырланғандай көрінді маған. Оның жастық дәуреніндегі келбет-бейнесін көз алдыма бір сәт елестеттім. Дәл сол сәтте оғайма Ұстаздың туындыларында жазылған көркем мінез кейіпкерлер орала кетті. Өзі сөз еткен атақты оқу ордасы, аузымен күс тістеген жазушы өмірі, бәрі-бәрі ой елегімнен өтіп жатты, өгіп жатты... Ұлы ұстаздың қоңыр үні алыстан естіліп тұрды.

Осы күндері, көңіл сарайымның мұңды сөздерінде Ұлы ұстазымның өрелі сөздері жанымға жылы беріп, төзіміме жігер қосады. Сол сәтте көкейдегі өшпес араманыма қайтадан шуақ тарап, жандана, шырайлана түседі...

Сандуғаш ҚАЙДАУЫЛОВА,
филология факультетінің
1-курс студенті

● Мерейтой



Идеологияның басты құралы – БАҚ екенін ескерсек, өскелең ұрпағымыздың білімі мен өресін кеңейту, тәлімді тәбие беру мақсатында жұмыс істеп жатқан түрлі қоғамдық институттар, газет-журнал, теле-радио бағдарламалары жетерлік. Десек те, бүгінгі нарық заманында барлығы бірдей көрермен көңілінен шыға бермейтіні белгілі.

Қазақ жастарының бойына қасиетті ұлтымызға тән парасаттылық пен мейірімділікті, отансүйгіштік пен ұлтжандылықты сіңіріп, шешендік пен мәрттікке тәрбиелейтін бағдарламалар саны, әзірше, азырақ етіп тұр. Алайда, жастарымыз асыға күтетін, қызықтай көретін "Хабар" арнасынан берілетін "Азамат" телепікірсайысы – ертеңгі нағыз ел тізгінін көтерер намысты алаш азаматтарын тәрбиелеп жатқан қарашанырақ.

Жуырда "Азамат" 5 жасқа толған мерейтойын атап өтті. Алғашқы эфирге шыққан уақыттан бері зымырап жылдар өтті, "Азамат" жаңарды. Алғаш қоғамдық өзекті мәселелерге өзіндік үнін қосқысы келетін, елінің ертеңіне бейжай қарай алмайтын бір топ жалынды жастар – қазақтың ұлтжанды, озық ойлы,

терең білімді азаматтарының басын бір шаңырақ астына біріктіруді арман етті. "АРМАН – алға жетелейді" дегендей, алғашқы топбасшылардың қатарында біздің университеттің түлектері – сол кездегі ҮПСО-ның мүшелері – Лаура Жаксылық, Жұлдыз Әбділда, Айнұр Асанберді, Шыңғыс Ерғөбек, Тимур Мұхтаровтар болатын.

Ал бүгінде "Азамат" мүлдем басқа. Бағдарламаның декорациясы, жүргізушісі, өтілу барысы – барлығы түбегейлі өзгерген. Бұл күнде "Азаматтың" пікірсайысшылары орта буын өкілдерімен, оның ішінде белгілі саясаткер, ақын, жазушы, журналист, депутат, заңгерлермен тығыз қарым-қатынас орнатуда. Аталған үрдіс – алдыңғы жөне кейінгі буын арасындағы диалог ретінде жалғасын тауып келеді. Ал оның бұрынғы жүргізушісі заң факультетінің аспиранты Орынбасар Тілепберенов болса, қазіргі тұрақты жүргізушісі журналистика факультетінің магистранты – Ринат Кертаяв.

"Азамат" – тек пікірсайыс қана емес, ол қоғамдық институт.

"Азамат" жастары – ертеңгі ел үміті. Олар бүгінгі күні "Азаматтың"

"АЗАМАТ" бағдарламасына – 5 ЖЫЛ

Кез-келген ұлттың, я мемлекеттің болашағын жастар құрайтыны белгілі. Еліміз тәуелсіздігін алғашы бері жастар саясатын жүзеге асыруда 1999 жылы Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың ҚР жастар саясаты туралы тұжырымдамасы бекітіліп, 2004 жылы "Жастар туралы" Заңы қабылданған болатын. Жалпы, жастар саясаты, жас ұрпақ мәселесі ешқашан да күн тәртібінен түсіп көрген емес. Осы орайда, еліміздің болашағы – жастарға қатысты мемлекеттік идеологияны ұлттық мүдде тұрғысынан қалыптастыру қажеттігі туындайтыны сөзсіз.

биік мінберінде еркін ой түйіп жатса, ертең өзге ел алдында "ҚАЗАҚ" деген данқты есімді бүкіл әлемге паш етпек.

Айта кетерлік бір жайт, "Азамат" бағдарламасы туған күні қарсаңында үлкен табысқа ие болды. Ол қандай табыс дейсіз ғой? Жуырда "Отан" партиясының ұйымдастыруымен өткен "Мемлекеттік және құқықтық негіздегі бағдарлама" номинациясы бойынша ең үздік телебағдарлама деп танылды!

Бұл – "Азаматтың" азаматтары айтқандай, жеңістердің тек алды ғана.

"АЗАМАТ" – осындағы барлық

жастардың екінші үйі. Барлығымыз бір шаңырақтың балаларымыз. "Еңбекпен келген нан төтті" дегендей, бұл жеңіс барлығымызға да ортақ олжа деп айтар едім", – дейді "Азамат" пікірсайыс клубының жетекшісі, география факультетінің 2-курс студенті Рахат Жақсыбай.

Сонымен қатар, 20 наурыз күні "Азамат" клубы "Хабар" агенттігінің қолдауына сүйеніп, "Наурыз – біздің жаңа жыл!" атты мерекелік акция ұйымдастырды. Танымал қоғам қайраткерлері мен өнер жұлдыздарын қонаққа шақырған "азаматтықтар" қазақтың салт-дәстүрлерінен хабар беретін сахналандырылған көріністер мен тал егу, алтыбақан тебу сияқты игі шараларды да атқарды. Салтанатты кездесу соны ҚызПИ-дің "Ұлпан" мейрамханасында наурыз-дәстүрлеріне ұласып, наурыз көжеңін сөнін ашты.

Айта кетерлік бір жайт, бүгінгі таңда Ұлттық Пікір Сайыс Орталығының мүшелерінің басым бөлігін де, эфирге "Азамат" бағдарламасы арқылы сөз алып жүрген жастардың көпшілігін де Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың студенттері құрайды. Бұл да болса біз үшін мақтануға тұрарлық жоғары көрсеткіш.

Білімді студенттер мен белсенді жас ұрпақтың қарашанырағына айналған киелі мекен, туған күнің құтты болсын, "Азамат"!

Серік МАРЖАН,
Журналистика факультетінің
2-курс студенті

● Жыр кеші

Жуырда ҚазҰУ-дың әдебиет айдыны, жыр мұхиты саналатын филология факультетінде жас ақын, аталмыш факультеттің 3-курсның студенті Талапбек Тынысбекұлының "Жатырқам, жас Отан" атты жыр кеші өтті. Оған факультет деканы, ф.ғ.д., Қ. Әбдәзүлі және Б.Майтанов, З.Сейтжанұлы, С.Негимов, С.Дәрібайұлы сынды профессор-оқытушылар, сондай-ақ Қ.Құлмұхамедұлы, К.Елемесұлы, М.Шоқанұлы сынды ақын-жазушылар қатысты. Кешті айтыскер-ақын, журналистика факультетінің студенті Рүстем Қайыртауұлы жүргізді.

Талантымен тәтті қылған Талапбек

Өзін поэзия ауылының тұрғынымын деп есептейтін жас дарын Қытай халық республикасында дүниеге келсе де, ата-бабасының туған топырағын аңсап, осыдан бірнеше жыл бұрын Атажұртқа оралады. Халықа кеңінен танымал "Елім-ай" әнінің авторы болып саналатын Қожаберген жырау – Талапбектің арғы атасы болып келеді екен. Үлкен тулғаның ұрпағы саналатын Талапбек осал ақын емес екенін өз кешінде де дәлелдеді. Оның жырлары Отанына деген махаббаттың шексіздігін аңғартты. Кеш соңында Талапбек жиналған жұртқа өз ризашылығын білдіріп, былай деді:

"Ерге үміт артпайды ел сенбесе,
Ер қолдауы ер қолын кең сермесе.
Ерлікке мін – ел жылап кемсеңдесе,
Елдікке мін – ер нарқы өлшенбесе!"

Ал алдыңғы толқын өкілдері Талапбектің талантына тәнті болып, жас ақынға шығармашылық табыс тіледі.

Жансая САБАНШИЕВА,
филология факультетінің
3-курс студенті



● Спортивная арена

ПОЛОЖЕНИЕ О ТУРНИРЕ

Проведение турнира осуществляется профсоюзом сотрудников "Парасат" и кафедрой физического воспитания КазНУ им. Аль-Фараби.

К участию в турнире приглашаются сборные команды профессорско-преподавательского состава и сотрудников вузов г. Алматы, сформированные из штатных работников.

Состав команды - 5 человек: 3 муж. + 2 жен. Матч состоит из 3-х мужских и 2-х женских партий (1 ракетка муж., 1 ракетка жен., 2 ракетка муж., 2 ракетка жен., 3 ракетка муж.).

В зависимости от количества команд будут сформированы подгруппы, среди которых игры пройдут по круговой системе.

Команде, не явившейся на игру, через 15 минут засчитывается поражение.

1 апреля 2006 года в спортивном зале физического факультета КазНУ им. Аль-Фараби состоится турнир по настольному теннису профессорско-преподавательского состава и сотрудников вузов г. Алматы, посвященный 40-летию Бостандыкского района.

Турнир проводится в целях установления связей между вузами города, укрепления здоровья профессорско-преподавательского состава и сотрудников вузов и приобщению преподавателей и сотрудников вузов города к здоровому образу жизни.

В случае выявления нарушений в составе команд набранные в играх очки аннулируются.

Заявки на участие в турнире подаются в судейскую коллегию, которая состоится 1 апреля в 15 ч. 30 мин. в спортивном зале физфака. Заявки должны быть подписаны ректором вуза, председателем профсоюза и заверены печатью.



ЧЬЯ РАКЕТКА СИЛЬНЕЕ?

К соревнованиям допускаются участники, не имеющие противопоказаний в состоянии здоровья. Ответственность за состав команд несет руководитель и председатель профсоюза вуза.

Команды, занявшие призовые места, награждаются призами и грамотами профсоюза "Парасат".

Настоящее положение является официальным приглашением

на соревнования.

Адреса, телефоны: Профсоюз "Парасат" КазНУ им. Аль-Фараби - ул. Тимирязева, 46, главный корпус, 13 этаж, каб. 1304; тел. 47-05-55.

Спортзал физического факультета - ул. Масанчи угол ул. Толе би (выше корпуса физического факультета)

ФОРМА ЗАЯВКИ:

Form for tournament registration with fields for name, position, and signatures.

● Сағыныш

Ауылға барып қайтқанда...

Қазақтың төбе биі Толе би былай деген екен: "Біліп айтқан сөзге күн жетпейді, тауып айтқан сөзге шын жетпейді".

Біз қысқы сессиямызды аман-есен тапсырып, ауыл қайдасың деп тартып кеттік. Поездың жүркектігінің арқасында көзді ашып-жұмғанша туған жерге қалай табан тірегенімізді байқамай да қалдық.

"Білем сені, сүйем сені, Сырым - сұлу қарт анам. Сенсің мені әлдилеген, Сенен туған мен балаң", - деп ақын Ә.Тәжібаев жырлаған Сыр елі жүрегімізнен өзіндік орын алып, жанарыма еріксіз қуаныш жасын үйіріп, кеудеме шаттық сезімін ұялатты.

Шынында да, ауыл дегеніміз - берекелі отбасы. Ауылдың көркі үйір-үйір мал мен тізілген сая тал. Басқаша айтқанда, "Ауыл малымен берекелі, баламен мерекелі". Ауылды қадірлеп, пір тұту - әрбір азаматтың парызы, өйткені халық пір тұтқан небір қоғам қайраткерлері бастауын осы ауылдан алып сусындаған.

Ендеше, студент болып, қанат қағып кеткеннен кейін де туған жеріміздің қадіріне жетіп, оны асқақтату да қасиетті парыз екенін жете түсінсек екен деймін.

Гүлшат САДЫҚОВА, биология факультетінің студенті

● Турнир

Алматы намысын АБЫРОЙМЕН ҚОРҒАДЫ

18-19 наурызда Петропавл қаласында Қазақстан Республикасы Призидентінің биылғы жолдауына арналған Студенттердің ашық пікір-сайыс турнирі болып өтті. "Отан" республикалық саяси партиясы, Ұлттық Пікір-Сайыс Орталығы, "Болашақ - бейбітшілік пен келісімде" қайырымдылық қоры және "Ақ Орда" қозғалысының ұйымдастыруымен жүзеге асқан бұл турнирге командалар Қазақстанның түкпір-түкпірінен келді.

Алматы қаласының намысын қорғау үшін ҚазҰУ-дың философия және саясаттану факультетінің 3-курс студенті Ильясов Ерік пен ҚазЭУ-дің 2-курс студенті Қарабалаев Әуез аттанған болатын. Турнир барысында талқыланған жалпы тақырыптар жастар саясаты, гендерлік білім, сыбайлас жемқорлықпен күрес және экология мәселелеріне арналды.

Турнирдің ұйымдастырылу барысы мен жалпы әсері жөнінде Ерікті сөзге тартқан едік.

Ерік Ильясов: - Турнир аймақтық деңгейде болғаннан кейін, тиісінше ұйымдастырылуы да жоғары деңгейде болды. Пікір-сайыс барысында сол саланың білікті мамандарымен кездестік. Тіпті, турнир қорытындысы жарияланып, 1-орын алғаннан кейін, Қарағанды қаласында Баспасөз мәслихатын өткізіп, журналистер сұрағына жауап бердік. Сонымен қатар, Республикалық "Отан" партиясының кубогы үшін өтетін Турнирге біз 1-болып жолдама алдық. Бұл - біздер, пікірсайысшылар үшін үлкен жауапкершілік және жеңіс биіктерінен тағы бір көрінісін айқын мүмкіндігі".



Ерікті жеңісімен құттықтап, университет мерейін үстем ете беруіне тілектестік білдіреміз.

Дина ҚОЖАМУРАТОВА

КАЗҰУ-дың қызғалдақтары

Әлия ӨТКЕЛБАЕВА,

ҚазҰУ-дың механика-математика факультетінің аспиранты

Кейде ұқсап жалғыз еркеле, Көріңсің кей шақта сан қыз болып. Жауырын дейтін өлкеде, Жатасың кейде жалғыз қоныш.

Екеу де боп ағасың қосарланып, Қырық та боп қоштасып тарасың, Қай жаққа құласаң да жарасасың, Ей, менің қара шашым!

Төлеген АНБЕРГЕНОВ



МАМАРЖАННЫҢ ФОТОСЫ

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты.

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 күнлік берілген.

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Т.Ә. ҚОЖАМКҰЛОВ - ректор; Н. ОМАШУЛЫ - проректор; Б.Ө. ЖАҚЫП - декан; М.Т. МУКАШЕВА - "Парасат" кәсіподағының төрайымы; А.А. ШВЫДКО - ақпараттық-сараптамалық бөлімнің бастығы; Ғ.СЕРІМ - студенттердің "Сұңқар" кәсіподағының төрағасы.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор - Бекжан Әшірбаев; Бас редактордың орынбасары - Нәйла Садықова; Жауапты хатшы - Дариға Амангельдиева; Көркемдеуші-беттеуші - Нұрлан Сүйінбаулы; Фототілші - МАМАРЖАН; Кезекші редактор - Алма Сайлауқызы

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

480078, Алматы, Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме. Байланыс телефоны: 47-29-29, ішкі: 11-94, тікелей: 47-05-67.

Нөмір редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. "Полиграфсервис" баспаханасында (Жандосов көшесі, 53) 30.03.2006 жылы басылды.

Бағасы келісім бойынша. Таралымы - 1000 дана. Көлемі 2 б.т. Индексі 65989. № 107 тапсырыс.

Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.

"Қазақ университетіне" жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.